

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДИЗАЙН ЖӘНЕ ДИЗАЙНЕРЛІК ҚАБІЛЕТІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН АРТТЫРУ

А.Н.Кенжебаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Психология ғылымында қабілеттер анықтамасы өзінің әр түрлі болып келуімен онша ерекшелене бермейді. Ғалымдардың көпшілігі мынандай пікірде: қабілет дегеніміз – бұл әлдебір қызметті орындау табыстылығына қатысы бар адамның жеке-психологиялық ерекшеліктері. Дизайнерлік қабілеттер шығармашылық қабілеттерге жатады, өйткені дизайн жаңа, бұрын болып көрмеген көркем туындыларды жасауға бағытталады.

Күрделі, көп деңгейлі құбылыс, диалектикалық маңызды болып келетін дизайнды қазіргі тұрғыда түсінуде мынадай анықтама сәйкес келеді: Дизайн – пішімі қызметіне сай, адамның дене бітімін ескеретін, тиімді, ыңғайлы, сонымен қатар көрікті заттарды жобалау. Дизайн – бізді қоршаған заттық әлемнің эстетикалық қасиетін құрастыру мен көркемдік жобалау.

Дизайн – сәулет, кітап безендіру, театралды сценография сияқты өнер түрлерімен салыстыруға болатын жобалау-көркемдік іс-әрекеттің бір түрі. Бірақ олардан ерекшелігі, оған қойылатын нақты бұйымдық шектеулері бар.

Ғасыр бұрын, дизайн термині енді ғана қолданылып келе жатқанда, маманға «Дизайн дегеніміз не?» -деген сұраққа жауап беру қазіргіге қарағанда оңай болған шығар, өйткені қазір ол өте жиі қолданыста және кең ауқымды қамтуда. Сондықтан да, бұл сөз анықтайтын құбылыс одан әрі өсіп, шекарасы көрінбей де барады. Уэбстердың ағылшын тілінің талқылау сөздігінде «design» сөзі етістік ретінде де, зат есім ретінде де түсіндіріледі. Бірінші ұғымда: нақты бір мақсатты көрсету, белгілеу, құру, безендіру, жоспарлау. Екіншіде: мақсат, мақсатты жоспарлау, ойлық жоба, іс-әрекет схемасы, долбар, көркемдік туындыда элементтердің орналасуы, сәндеу, эстетикалық сапасын ескере отырып өндірістік бұйымдардың формасын құру аумағы. Бұл сөздің көп мағыналығымен қатар, онымен құру, жүзеге асыру және жұмыс нәтижесін айтады.

Ағылшын тілінен қазақшаға тура аударғанда – «жоспар», «сурет», «сызба». Дизайнер – жоспарлай білетін, сала және сыза білетін адам. Ағылшын тілінен «дизайнер» – қу әрі ақылды адам. Дизайнер барлық затты жасауға қатыса алады, өйткені оның ойлау әдісі – минималды шығын негізінде тиімді, өзіндік шешімдегі, эстетикалық ізденіс.

XX ғасырдың білікті мамандары жоғарыда қойылған сұраққа жауапты білемін деп ойлаған. Олардың ақылы мен дарынын, мамандықтың дамуына қосқан үлесін ескере отырып, қателесуі мүмкін емес сияқты. Дизайнды зерттеуші және мәдениеттанушы ресейлік В.Л. Глазычев өз әдебиетінде [1] осы мамандықтың ұғымы туралы білікті мамандар - Герберт Ридтің, Джон Глоагтың, Эшфордтың, Джоно Понтидің, Джордж Нельсонның, Томас Мальдонадоның т.б. түрлі ойларын қарастырып болған соң, ойында мынандай сұрақ туындайды: бір ғана құбылыстың бір-біріне қарама-қарсы бірқатар шарттарды қанағаттандыруы мүмкін бе:

- тұтынушылардың кез-келген сұранысын ескеру;
- тұтынушылардың кез-келген қажетін қамтамасыз ету;
- суретшінің ішкі еркіндігінің берілуі;
- басқару философиясы;
- қоғамның дамуы;
- коммерциялық жетістікті қамтамасыз ету;
- көпшілік өнер бөлімі;
- жәй ғана жаңа құбылыс;
- ұтымды техникалық операция және т.б.; [1, 566].

Сөйтіп мына қорытындыға келеді: жоғарыда есімдері аталған түрлі мамандардың барлық ұмтылыстарын ескере отырып, бір ғана дизайн емес, бірнеше дизайнның бар болуы

мүмкін. Дегенмен, дизайнерлік күштің жұмсалыу объектісінің түрлілігі емес, құбылыс мағынасында бақыланған бір ғана осы терминмен берілуі. Осыдан барып жоғарыда айтылған барлық қарама-қайшылықтар мен күмәндар сейілген. Дәл осылай отыз жыл бұрын мәселені шешу ұсынылған. Сөйтіп, өзге өнер түрлері сияқты дизайн да бірнеше салалардан тұрады (өндірістік, графикалық, киім, фито, арт, орта т.б.).

Дизайн жаңа туындыны ойлап табуды қарастырады. Ол туынды жасаудың шығармашылық үрдісін білдіреді, оған мынадай кезеңдер енеді: қызыға бақылау, алдыңғы ұрпақ тәжірибелерін меңгеру, жайдақ өмірді дизайнерлік қабылдау, бастапқы ойларды кескіндеуден бастап, затты жасап шығарғанға дейін. Суретші өзін шығармаларында көрсетсе, дизайнер кең ауқымды жұмыстар атқарады.

1980жылы Н.В. Воронов замани ұғымдарға сай келетін келесі анықтамасында: «Дизайн – материалды нысандардың жаңа органикалық қосындысы. «Дизайн» терминімен ой (жоба), оның жүзеге асу процесі мен алынған нәтиже анықталады» - деді [2].

Қызметтерінің аумағы туралы дизайнерлердің өздері былай дейді:

«Дизайн дегеніміз не? Нақты мақсатқа еңбек ететін кез-келген элементтердің орналасу жоспары» (Чарлз Имс, АҚШ);

«Жақсы дизайн – дизайнның ең кемі» (Дитер Рамс, Германия);

«Конструктивизм (дизайн мағынасында) – нағыз болашақтың өнері» (Александр Родченко, ССРО);

«Дизайнер болашақ ортаны құрушы» (Джо Коломбо, Италия);

«Дизайнер өркениетті әлемнің мағынасын іздеуге, құрастыруға қатысады және оған міндетті түрде қатысуға тиіс» (Филипп Старк, АҚШ);

«Техника мәдениетті сатып алмауы керек, оның өзі мәдениетке айналуы тиіс» (Этторе Соттсасс, Италия);

«Суретші және дизайнер арасында шекара жоқ» (Эйко Исиока, Жапония).

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мен пікірлерден жасалатын 1-қорытынды: кез-келген адам дизайнер бола алады. Екінші қорытынды: ойлар мен шешімдер бір жақтан келмейді, олар біздің өзімізде және бізді қоршап тұр: дизайнер – көре, байқай, сараптай, ұйқастыра алатын адам. Үшінші қорытынды: дизайн – ауқымына өндірістік бұйымдар да, жиһаз да, текстиль де, киім де, графикалық дизайн объектілері де, кішігірім сәулет те (қала дизайны – аялдамалар, витриналар т.б.) кіретін әмбебап жобалау қызметі. Барлық осы бұйымдарда ортақ стилистикалық заңдылықтар, материалдың, технологиялар мен форманың жалпы қатынасы, жобалаудың ортақ бағыттылығы. Дизайн, осылайша заттық әлемнің тұтастығына жауап береді.

Қабілеттер мен дизайндық анықтамаларды біріктіре отырып, былай деуге болады: дизайнерлік қабілеттер – бұл адамның жеке психологиялық ерекшеліктері, ол бұрын болып көрмеген көркем туындылар жасауға бағытталған дизайн саласындағы шығармашылық қызмет талаптарына жауап береді.

Суретшілердің шығармашылық қабілеттері уақыт ағымымен, дәуірден-дәуірге қарай жетіле түсті. Осы қабілеттер мен олардың қалыптасу әдістемесі, көркем мектептер, көрнекті суретшілердің жеке шығармалары, қоғам кейіпкерлері мен қандай да бір дәуірдегі басқа да факторлар маңызды әсер етті.

Алғашқы қауымдағы суретшінің суреттері бейнелеп жатқан заттардың өзіндік қасиеттерін қамти алу қабілеті және ерекше байқампаздығымен таңқалдырады.

Егер дизайнды суретші-ойлап табушылардың пайда болуымен туды деп ойласақ, онда Леонардо да Винчиді еске алу керек. Құрылыстық механизмдердің, геликоптерлердің, су асты қоңырауларының схемасын сызуда, дизайнда кеңінен тараған орналастыру (компоновка) сияқты жобалау принципін қолданған. Баршаға мәлім түйіндеу әдісі мен элементтерді үйлестіріп, суретші жаңа нысандарды алды. Тік осьті ауалық қондырғы – геликоптер. Тартпалар (рычаг) мен жасанды қанаттардың комбинациясы – махолет және т.б. Сурет оған ол уақытта жоқ нәрсе туралы ұғымның, бейненің, жобаның құралы болды. Джеймс Уаттың бу машинасының сызбасын да дизайнерлік жобалау графикасына жатқызуға болады.

Біз тұтынатын заттардың кейбірі (орындық, дөңгелек, аяқ-киім, киім, қару, күрек, балта т.б.) бірнеше мыңжылдық бойы қолданылып келеді. Бұл заттардың барлығы замани дизайн-нысандарын туыстастырады өйткені, олар да сәндеуге емес, нақты қызметті атқаруға жасалған. Сондықтан Ежелгі Египет немесе Антикалық уақыттардағы материалдық мәдениетті дизайнның бастауы деп айтады және дизайнның тарихына жатқызады. Демек, дизайндық туындылар ертеде жасалынса, онда дизайндық қабілет туралы да ой түзуге болады.

Әдебиет

- 1 Глазычев В.Л. О дизайне. – М., 1970. - С.56.
- 2 Воронов Н.В. Суть дизайна. –М., 2002. - С.16.

Резюме

Век назад, когда термин *дизайн* только начали применять, специалистам, наверное, легче было ответить на вопрос «Что такое дизайн?» - чем сейчас, потому что в нынешнее время оно пользуется везде и повсюду. Поэтому в нашей статье, анализируя выводы психологов, дизайнеров и педагогов-дизайнеров, делается попытка дать определение словам *дизайн* и *дизайнерские способности*, которые нужны как педагогам, так и студентам художественного направления.

Summary

A century ago when the term “design” first appeared, it was probably easier for specialists to answer the question “what is design?” than now, because nowadays it is used everywhere in the given article the author tries to give a definitions to the words ‘design’ ‘design abilities’ analyzing and referring to psychologists’ designers’ and teacher- designers’, conclusions.